

"Тайынша ауданы Чкалов селолық округі Новоберезовка селосының құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 25 маусымдағы №13 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4812 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тайынша ауданы Чкалов селолық округі Новоберезовка селосының құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 25 маусымдағы № 13 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13-11-181 тіркелді, 2010 жылғы 16 шілдеде "Тайынша Таңы" газетінде және 2010 жылғы 16 шілдеде "Тайыншинские вести" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша "селолық", "селосы", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылы", "ауылының" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Садвакасов